

## МАЗМҰНЫ

## СОДЕРЖАНИЕ

Жоғарғы Сот Төрағасы Ж. Асановтың х а т ы.....2	Письмо Председателя Верховного Суда Ж.Асанова.....5
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының қаулылары.....8	Постановления судебной коллегии по гражданским делам Верховного Суда Республики Казахстан.....8
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының қаулылары.....32	Постановления судебной коллегии по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан.....32
Трансферттік баға белгілеу туралы заңнаманы қолданудың сот практикасын қорыту.....50	Обобщение судебной практики применения законодательства о трансфертном ценообразовании.....50

## Құрметті әріптестер!

Сіздерді өткен мерекелеріңізбен құттықтаймын! Жұмысқа толық кірісіп кеттіңіздер деген ойдамын.

Елең еткізер төрт жаңалығымыз бар:

**Бірінші.** 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік сатып алулар бойынша түзетулер күшіне енді. Егер өнім беруші тұрақсыздық айыбын төлесе, міндеттемелерді толық орындаса және залал келтірмесе, онда тапсырыс беруші өнім берушіні жосықсыз деп тану туралы сотқа жүгінбеуіне құқығы бар. Осы қадамның арқасында экономикалық соттарға арыздардың түсуі едәуір азаяды.

**Екінші.** Ү.ж. 21 қаңтарда Елбасы меншік құқығын қорғауды күшейту және сот жүктемесін төмендету бойынша заңға қол қойды. Заң 23 қаңтарда «Егемен Қазақстан» газетінде ресми жарияланды. Яғни, 2019 жылғы 3 ақпанда ол күшіне енеді.

Бұл заңның берері не?

1) Сот орындаушыларының әрекетіне берілетін 18 санкцияның ішінен сотқа екеуі ғана қалады – күштеп әкелу және елден тыс шығуға тыйым салу. Күштеп әкелу негіздерін азайтсақ және шығуға шектеулерді арттырсақ, бұлардың да саны біраз қысқарады. Борышкердің мүлкіне тыйым салуды санкциялау алып тасталды.

2) Банк шоттарына тыйым салуды санкциялау және банк құпиясын құрайтын ақпаратты талап ету прокуратураның өкілеттігіне берілді (*прокуратура мен атқарушылық іс жүргізудің электрондық жүйелерін интеграциялауға қажет үш ай өтіп, алғашқы ресми жарияланған соң күшіне енеді*).

Бұл нормалар санкциялар бойынша сот жүктемесін кемінде 9 есе азайтады (2,8 миллионнан 300 мыңға дейін).

3) Бұйрық арқылы іс жүргізудің 18 талабының 9-ы нотариатқа беріледі. Оңайлатылған тәртіппен іс жүргізудің 12 категориясының 10-ы бұйрықтық іс жүргізуге беріледі.

4) АПК-де нотариусқа жүгіну үшін қосымша стимул жасалады. Мәселен, нотариалдық жазба бойынша өндіріп алу мүмкін болса, судья іс бойынша талап арызды қайтара алады. Егер талапкер дауласу ниетінен қайтпаса, судья талап қоюшыға іс бойынша сот шығыстарын жүктеуге құқылы.

**Үшінші.** «Doing Business» бойынша заң жобасына түзетулердің Мәжілісте қаралуы аяқталып, Сенатқа енгізілді.

1) АПК-ге электронды сот ісін жүргізуді регламенттейтін жаңа тарау енгізілмек.

2) Судьяның көмекшісі мен сот отырысы хатшысы жайлы процестік ережені алғаш рет бекітеміз.

3) Кепілді жылжымайтын мүлікке байланысты дауларға айрықша соттылықты қолданамыз. Бұл арыз берушілердің сот есігін тоздырмай, уақытын үнемдеуге көмектеседі.

4) Апелляцияның процестік мүмкіндіктерін кеңейтеміз. Бірінші сатыдағы сот АПК-нің 405-бабының талаптарын бұзған кезде, істі кері қайтармастан, кемшіліктерді өз бастамасымен жою құқығына ие болады. Істі дайындау міндетін алып тастаймыз.

**Төртінші.** Ү.ж. 23 қаңтарда Мәжіліс сот жүйесін жаңғырту бойынша екі заң жобасын мақұлдады. Оны Елбасының бастамасымен енгіздік. Заңдардың ең басты мақсаты - судьялық кадрлар сапасын жақсарту. Баяндаманың бейнежазбасын баспасөз қызметі Интернетте орналастырды.

Ең маңыздыларын атап өтейін:

1) Сот төралқаларын алып тастаймыз. Облыстық соттар мен Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырыстарын енгіземіз. Олар сот жүйесінің аса маңызды мәселелерін, оның ішінде кадрлық және тәртіптік сұрақтарды алқалы түрде шешетін болады.

2) Облыстық соттың алқа төрағаларын іріктеу конкурстық тәртіппен жүргізілмек. Әртүрлі деңгейдегі сот басшыларының өкілеттігі екі мерзіммен шектелетін болады. Бұл облыстық соттардың төрағаларына да қатысты.

3) Судьялардың кәсіби қызметіне бағалау жүргізу өкілеттігін жаңа орган – Жоғарғы Сот жанындағы Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияға береміз. Оның құрамында 4 судья мен отставкадағы 3 судья болмақ. Оларды Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысында сайлауды ұсындық.

Бұл орган судьяның кәсіби білімі мен білігін жұмыста қолдану деңгейін, сот қызметінің нәтижелерін, іскерлік және адамгершілік қасиеттерін және оның Конституциялық Заң талаптарына сәйкестігін бағалайтын болады. Комиссияда судьяның отставкаға шығу, отставкасын тоқтату мәселелері қаралады.

4) Сот Жюриі мен Кадр резерві бойынша комиссияны ЖСК-ға береміз. Сот жюриін қалыптастыру жаңа тәртіппен жүргізілмек. Алты судья Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысының ұсынысымен тағайындалады. Кеңесу дауысына ие болатын қоғам өкілдерінің және ЖСК-нің бір мүшесінің қатысу мүмкіндігі көзделген. Сот жюриінің төрағасы Сот жюриінің құрамынан сайланатын болады.

5) Аудандық сот судьялығына қойылатын заңгерлік стаж талабын 5 жылға төмендетсек дейміз. Кандидаттарды іріктеу кезінде сот отырыстарының хатшыларына берілетін басымдық алып тасталады.

6) Судья мамандығына ең мықты заңгерлердің келуіне жағдай жасаймыз. Олар жұмысын бірден облыстық және Жоғарғы Соттан бастай алады. Облсотқа 15 жыл стажы бар заңгер келе алады.

Әрине, бұл жерде тәжірибелі, білікті, әлемнің ең мықты жоғары оқу орындарында білім алған, ғалым ретінде атағы шыққан, өзінің еңбегінің арқасында үлкен беделге ие болған саусақпен санарлық мамандар жайлы айтып отырмыз.

Барлық ұсыныстар жергілікті соттардың судьялары мен бүкіл заң қауымдастығынан келіп түскен ақпаратты талдау қорытындысымен әзірленді.

Жалпы, сот жүйесін жаңғырту мақсатында Жоғарғы Сот 11 заң жобасын әзірледі. Барлығы да биылғы бірінші жартыжылдықта қабылданып деп бар күшімізді салып жатырмыз. Бұл түзетулер екінші жартыжылдықта өз жемісін береді деген үлкен сенім бар.

Құрметпен,

**Жақып Асанов**

2019 жылғы 23 қаңтар

## Уважаемые коллеги!

Позвольте поздравить Вас с прошедшими праздниками! Уверен, Вы вошли в рабочий ритм.

А тем временем у нас есть для Вас четыре новости:

**Первое.** С 1 января 2019 года вступили в силу поправки по вопросам государственных закупок. В них устанавливается право заказчика не обращаться в суд о признании поставщика недобросовестным, если им выплачены неустойки, обязательства исполнены в полном объеме и отсутствует ущерб. Это в разы снизит поступление исков в экономические суды.

**Второе.** 21 января т.г. Глава государства подписал закон по усилению защиты права собственности и снижению судебной нагрузки. Текст Закона официально опубликован 23 января в газете «Казахстанская правда». Соответственно его положения вступают в силу 3 февраля 2019 года.

Что даст этот закон?

1) Из 18 санкций на действия судебных исполнителей суду остаются две – привод и запрет на выезд за пределы страны. Но и их число будет уменьшено через сужение оснований для привода и повышение порога для ограничения на выезд. Исключается санкционирование ареста имущества должника.

2) Санкционирование арестов банковских счетов и истребование информации, составляющей банковскую тайну, передается прокуратуре (*вступят в силу по истечении 3-х месяцев после первого официального опубликования, необходимых для интеграции электронных систем прокуратуры и исполнительного производства*).

Эти нормы снизят нагрузку в судах по санкциям минимум в 9 раз (с 2,8 млн. до 300 тысяч).

3) Из 18 требований приказного производства 9 передаётся нотариату. 10 из 12 категорий упрощенного производства передаётся в приказное.

4) В ГПК создаются дополнительные стимулы для обращения к нотариусу. К примеру, судья может вернуть иск по делу, если взыскание можно произвести по нотариальной надписи. Если истец будет настаивать на наличии спора, у судьи будет право возложить на истца судебные расходы по делу.

**Третье.** Завершена работа в Мажилисе и внесены в Сенат поправки в законопроект по «Doing Business».

1) Вводим в ГПК новую главу, регламентирующую электронное судопроизводство.

2) Впервые закрепляем процессуальное положение помощника судьи и секретаря судебного заседания.

3) Распространяем исключительную подсудность на споры, связанные с залоговым недвижимым имуществом. Это позволит исключить «футбол» заявителей между судами.

4) Расширяем процессуальные возможности апелляции. Она будет вправе по собственной инициативе устранять недостатки без возврата дела при нарушении первой инстанцией требований статьи 405 ГПК. Убираем обязательность проведения подготовки дела.

**Четвертое.** 23 января т.г. Мажилис поддержал два законопроекта по модернизации судебной системы. Они внесены нами по инициативе Главы государства. Речь идёт, прежде всего, о совершенствовании законодательства в части судейской кадровой работы. Запись размещена пресс-службой в Интернете.

Перечислю самые важные нововведения:

1) Исключаем президиумы судов. Вводим расширенные пленарные заседания областных судов и ВС. Они будут коллегиально решать наиболее важные вопросы судебной системы, в том числе кадрового и дисциплинарного характера.

2) Вводим конкурсный порядок отбора председателей судебных коллегий областных судов. Ограничиваем полномочия руководителей различных уровней судебной системы двумя сроками. Это касается и председателей областных судов.

3) Полномочия по проведению оценки профессиональной деятельности судей передаём новому органу – Комиссии по качеству правосудия при ВС. Она будет состоять из 4-х действующих судей и 3-х судей в отставке. Предлагаем их избрание на расширенном пленарном заседании ВС.

Данный орган будет оценивать уровень профессиональных знаний и умения применять их при отправлении правосудия, результаты судебной деятельности, деловых и нравственных качеств судьи и соответствие его требованиям Конституционного Закона. Здесь будут рассматриваться вопросы подтверждения права судей на отставку и прекращения отставки.

4) Судебное Жюри и Комиссию по кадровому резерву передаём в ВСС. Меняем подход к формированию Судебного жюри. Шесть судей будут назначаться по рекомендации расширенного пленарного заседания ВС. Предусматривается возможность участия представителей общественности и одного члена ВСС, которые будут обладать правом совещательного голоса. Председатель Судебного жюри будет избираться самим составом Судебного жюри из их числа.

5) Снижаем общее требование по юридическому стажу к кандидатам в судьи районного суда до 5 лет. При отборе судей убирается приоритет для секретарей судебных заседаний.

б) Создаём условия и возможности для прихода в судьи лучших юристов. Они смогут сразу начать работать в областных судах и Верховном Суде. В областной суд может прийти юрист с пятнадцатилетним юридическим стажем.

Речь идёт о «штучных» специалистах с опытом и уникальными знаниями. Тех, кто состоялся как учёный, кто получил образование в лучших ВУЗах мира, кто своим трудом и профессионализмом завоевал авторитет.

Все предлагаемые нововведения выработаны по итогам анализа предложений о наиболее актуальных проблемах правосудия, полученных от судей местных судов и юридического сообщества.

В целом Верховным Судом инициируется разработка 11 проектов законов по модернизации судебной системы. Усиленно работаем над тем, чтобы все были приняты в течение первого полугодия этого года. Ожидаем, что они начнут давать эффект уже во втором полугодии.

С уважением,

**Жакип Асанов**

23 января 2019 года

## **Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының қаулыларынан үзінділер**

### **Извлечения из постановлений судебной коллегии по гражданским делам Верховного Суда Республики Казахстан**

#### **Тұрғын үй даулары бойынша**

#### **Жергілікті соттар қолданыстағы материалдық заңдарды қолдануда қателіктер жіберген**

*2018 жылғы 28 қараша*

*№ 6001-18-00-3зп/766*

Талап қоюшы Шымкент қаласының әкімі жауапкер А.-ға жер учаскесін және оның үстінде орналасқан жылжымайтын мүлкімен (тұрғын үй) бірге мемлекет мұқтажы үшін сатып алып, мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы талап арызбен сотқа жүгінген.

Шымкент қаласы Әл-Фараби аудандық сотының 2018 жылғы 10 шілдедегі шешімімен талап арыз ішінара қанағаттандырылған.

А.-ға Шымкент қаласы, Әйтеке би көшесі, № 30/17 мекенжайдағы кадастрлық нөмірі № 19-309-015-604, алаңы 0,1000 га. жер учаскесін (бұдан әрі – даулы жер учаскесі) және оның үстінде орналасқан алаңы 104,8 ш.м. жылжымайтын мүлкімен (бұдан әрі – тұрғын үй) бірге мемлекет мұқтажы үшін жалпы құны 25 196 159 теңге және жеміс ағаштарының құны 956 000 теңге төленіп, мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылған.

Сот шығындары өндірілген.

Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2018 жылғы 29 тамыздағы қаулысымен бірінші сатыдағы соттың шешімі өзгеріссіз қалдырылған.

Арызданушы өтінішхатында іс бойынша қабылданған сот актілерімен келіспей, соттардың тұжырымдары істің мән-жайына сәйкес келмейтінін көрсетіп, сот актілерінің күшін жойып, А.-ға тиесілі даулы жер учаскесі мен оның үстінде орналасқан тұрғын үйін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару құнын 19 533 000 теңгеге дейін төмендету туралы жаңа шешім қабылдауды сұрайды.

Сот алқасы талап қоюшының өкілінің, жауапкер А.-ның, жауапкердің өкілі С.-ның уәждерін тыңдап, мынадай тұжырымға келді.

Шымкент қаласының Бас жоспары негізінде және мемлекеттік маңызы бар нысан құрылыстарын салу мақсатында 2017 жылғы 19 сәуірде «Мемлекеттің мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе

өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» Шымкент қаласы әкімінің № 319 қаулысы қабылданған.

Көрсетілген қаулының негізінде жауапкер А.-ның жеке меншігіндегі Шымкент қаласы, Әйтеке би көшесі, № 30/17 мекенжайдағы кадастрлық нөмірі 19-309-015-604, алаңы 0,1000 га. жер учаскесін және осы жерде орналасқан алаңы 104,8 шаршы метр тұрғын үйді мемлекет мұқтажы үшін алып қою мәселесі көзделген.

Жауапкер А.-ға жоғарыда көрсетілген жылжымайтын мүліктерді мемлекет мұқтажы үшін алып қою жөнінде 2017 жылғы 20 сәуірде № 24/12146 хабарлама жолданып, аталған хабарламаны жауапкер 2017 жылғы 2 мамырда қол қою арқылы алған.

Даулы жер учаскесі жауапкерге Шымкент қаласы әкімінің 2005 жылғы 14 қазандағы № 3277 қаулысының негізінде тиесілі болған.

«Б» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – ЖШС) бағалау компаниясының 2017 жылғы 5 шілдедегі № 164/248 қорытындысына сәйкес мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп алып қоюға жататын жер учаскесі мен тұрғын үйдің жалпы нарықтық бағасын 19 533 000 теңге деп анықтаған.

Сараптамалық–консультациялық бағалау компаниясы ЖШС-ның 2018 жылғы 15 ақпандағы № 059 жылжымайтын мүлікті бағалау есебіне сәйкес даулы мүліктердің нарықтық бағасы 24 905 000 теңге шамасында анықтаған.

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Сот сараптамалары институтының 2018 жылғы 8 маусымдағы № 1985 бағалау қорытындысына сәйкес даулы жылжымайтын мүліктердің нарықтық құны шамамен 25 196 159 теңге, ал алынуға тиіс жер учаскесінде орналасқан жеміс ағаштарының жалпы құны 956 000 теңге деп белгіленген.

Айта кететін жағдай, жауапкер А. қолданыстағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес талап қоюшыға мәжбүрлеп алынатын мүліктерге қатысты келісім рәсімдеріне бастамашылық жасау ниеті бойынша тиісті өтініш білдірмеген, яғни талап қоюшының алдында басқа жер учаскесін бөлу немесе жабдықталған тұрғын үй беру туралы мәселе қоймаған.

Қаралып отырған іс бойынша азаматтық құқықтық дау мемлекеттің мұқтажы үшін мәжбүрлеп алып қоюға жататын жылжымайтын мүліктердің нарықтық бағасы жөнінде туындаған.

Жергілікті соттар дауланып отырған сот актілерінің негізі ретінде 2018 жылғы маусым айында өткізілген бағалау қорытындыларын іске қатысты және жарамды дәлелдемелер деп қабылдаған.

Азаматтық іс материалдарын және өтінішхаттың уәждерін зерделеп, сот алқасы төмендегі негіздерге байланысты дауланып отырған сот актілері өзгертілуге жатады деген қорытындыға келді.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің (бұдан әрі – ЖК) 87-бабының талаптарына сәйкес «жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарған кезде оның құнын өтеу мөлшері, төлем нысандары және төлеу мерзімдері «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-тарауында белгіленеді».

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV Заңының (бұдан әрі – Заң) 67-бабының 2-тармағында «Мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын жер учаскесінің, сондай-ақ жер учаскесінде орналасқан жылжымайтын мүліктің құны жер учаскесіне құқықтардың туындау негіздеріне қарамастан, олардың нарықтық құны мөлшерінде айқындалады» - деген норма көзделген.

Жауапкер А. даулы жер учаскесі мен онда салынған тұрғын үйге 2005 жылдан бастап иелік еткен.

Жергілікті соттардың мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын жер учаскесі мен тұрғын үйдің құны нарықтық құнымен белгіленуі тиіс деген тұжырымдары қолданыстағы заңнама талаптарына сай келеді.

Алайда, жергілікті соттар осы дауды қарау немесе шешу барысында қолданылуға жататын жоғарыда аталған Заңның 67-бабының 3-тармағында көзделген нормаларды қолданбаған.

Аталған нормаға сәйкес «жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты иеліктен шығарылатын жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүліктің нарықтық құнын меншік иесі немесе жер пайдаланушы жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алдағы мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарламаны алған сәтте осы Заңның 208-бабына сәйкес тәуелсіз бағалаушы айқындайды».

Көрсетілген норманың императивтік заңдық күші бар екенін соттар ескермеген.

Азаматтық іс бойынша жиналған дәлелдемелерге сәйкес жер учаскесі мен онда орналасқан жылжымайтын мүліктерді мемлекет мүддесі үшін иеліктен шығару туралы хабарлама жауапкер А.-ға 2017 жылғы 20 сәуірде жолданып, ол хабарламаны 2017 жылғы 2 мамырда алған.

Сондықтан, мемлекет мүддесі үшін иеліктен шығарылатын жылжымайтын мүліктердің нарықтық құны 2017 жылдың сәуір-мамыр айларына сәйкес айқындалуы тиіс еді.

Талап қоюшының негіздемесі бойынша және 2017 жылғы 5 шілдедегі «Б» ЖШС-ның бағалау қорытындысына сәйкес дауланып отырған жылжымайтын мүліктердің нарықтық бағасы 19 533 000 теңге шамасында белгіленген.

Сот алқасы жауапкердің пайдасына аталған мүліктердің осы көрсетілген құны төленуі тиіс деген қорытындыға келді.

Ал, жергілікті соттар 2018 жылғы 8 маусымда Сот сараптамалары институтының 25 196 159 теңгеге тең бағалау қорытындысын осы іске қатысты және жарамды дәлелдеме ретінде қабылдаған.

Соттардың бұл тұжырымы қолданыстағы заңнамалардың талаптарына сай келмейді.

Жоғарыда айтылған жағдайларды ескере отырып, сот алқасы жергілікті соттар қолданыстағы материалдық заңдарды қолдануда қателіктер жіберген, аталған кемшіліктер дауланып отырған сот актілерін өзгертуге құқықтық негіз болады деген тұжырымға келеді.

Атап айтқанда, жауапкер А.-ның пайдасына мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылуға жататын алаңы 0,1000 га. кадастрлық нөмірі № 19-309-015-604 жер учаскесі мен оның үстінде орналасқан алаңы 104,8 шаршы метр тұрғын үйдің нарықтық құны 19 533 000 теңге және жеміс ағаштарының құны 956 000 теңге, жалпы алғанда 20 489 000 теңге өндірілуге жатады.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы жергілікті соттардың сот актілерін өзгертіп, жауапкер А.-ға төленетін Шымкент қаласы, Әйтеке би көшесі, № 30/17 мекенжайындағы кадастрлық № 19-309-015-604, алаңы 0,1000 га. жер учаскесін және оның үстінде орналасқан алаңы 104,8 шаршы метр жылжымайтын мүліктің (тұрғын үйдің), жеміс ағаштарын мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарудың нарықтық құны 20 489 000 теңгеге дейін төмендетті.

Сот актілерінің басқа бөліктері күшінде қалдырылып, талап қоюшының кассациялық өтінісхаты ішінара қанағаттандырылды.

---

**Апелляциялық сот алқасы қолданыстағы  
материалдық заңнаманың талабына сай шешім қабылдаған**

*2018 жылғы 7 қараша*

*№ 6001-18-00-32п/690*

Талап қоюшы Б. жауапкерлер М.-ға, «Төлеби аудандық сәулет және қала құрылысы» ММ-ге, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалы-Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру департаментіне, Төлеби ауданы әкімдігіне, «Төлеби аудандық әділет басқармасы» ММ-ға, «Төлеби ауданы Аққұм ауылдық округі әкімі аппараты» ММ-ге, Төлеби ауданы әкімдігі жанындағы ресімделмеген жылжымайтын мүлікті жария етуді жүргізу жөніндегі

комиссиясының Төлеби ауданы, Аққұм ауылдық округі, Жаңаұйым ауылы, Бекбауов көшесі, 7-үйді М.-ның атына жария ету туралы 2007 жылғы 08 ақпандағы № 369 шешімін, қабылдау комиссиясының жария етілген құрылыс нысанын пайдалануға қабылдау жөніндегі 2007 жылғы 29 желтоқсандағы актісін, жер учаскесіне берілген мемлекеттік актісін және олардың тіркелуін жарамсыз деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінген.

Төлеби аудандық сотының 2017 жылғы 13 желтоқсандағы шешімімен талап қою арызы қанағаттандырылып, жауапкер М.-ның атына Төлеби ауданы, Аққұм ауылдық округі, Жаңаұйым ауылы, Бекбауов көшесі, 7-үйге (бұдан әрі – даулы үй) қатысты қабылданған 2007 жылғы 08 ақпандағы Төлеби ауданы әкімдігі жанындағы ресімделмеген жылжымайтын мүлікті жария етуді жүргізу жөніндегі комиссияның № 369 шешімі, қабылдау комиссиясының жария етілген құрылыс нысанын пайдалануға қабылдау туралы 2007 жылғы 29 желтоқсандағы актісі, кадастрлық № 19-298-020-323 мемлекеттік актісі және олардың Төлеби аудандық әділет басқармасындағы 2008 жылғы 19 ақпандағы тіркелуі жарамсыз деп танылған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2018 жылғы 19 наурыздағы қаулысымен бірінші сатыдағы сот шешімінің күші жойылып, Б.-ның талабын қанағаттандырусыз қалдыру туралы жаңа шешім қабылдаған.

Өтінішхат беруші іс бойынша апелляциялық сот қаулысының заңсыз және негізсіз қабылдануына байланысты оның күшін жойып, бірінші сатыдағы соттың шешімін күшінде қалдыруды сұраған.

Сот алқасы, талап қоюшының, оның өкілінің өтінішхатта көрсетілген уәждерін қолдаған түсініктерін, жауапкер М.-ның, ауылдық әкімнің өкілі Т.-ның, аудандық әкімдіктің өкілі Қ.-ның уәждерін тыңдап, іс құжаттарын зерделеп, мынадай тұжырымға келді.

Тараптар арасында туындаған даудың мәні ретінде танылған, Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Аққұм ауылдық округі, Жаңаұйым ауылының Д.Бекбауов көшесі, № 7 тұрғын үй 1966 жылы салынып, осы үйде талап қоюшының әкесі Д., анасы Х. тұрып келген.

Аталған ата-ананың 9 баласы, яғни нақты айтқанда 3 ұл, 6 қызы болған.

Уақытында даулы тұрғын үйге меншік құқығы туралы құжаттар ресімделмеген.

Талап қоюшының шешесі Х. 1979 жылы қайтыс болған.

Осы аралықта талап қоюшының әкесі Д. іс бойынша жауапкер деп танылған М.-ға үйленген.

Алайда, олардың некелері заңды түрде тіркелмеген. Ортақ некеден 1980 жылғы 3 шілдеде туған Н. дүниеге келген.

Д.-ның бірінші некеден туылған ұл-қыздары кәмелеттік жасқа толғаннан кейін, әрқайсысы жеке отбасын құрып кеткен.

Ал Б. ата-анасының үйінен 1986 жылы Алматы қаласына қоныс аударған және осы қалада бүгінгі күнге дейін тұрып жатыр.

Талап қоюшының әкесі Д. 1999 жылы қайтыс болған.

Ресімделмеген мүлікті жария етуді жүргізу жөніндегі комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) 2007 жылғы 7 наурыздағы № 451 шешіміне сәйкес Төлеби ауданы, Аққұм ауылдық округі, Жаңаұйым ауылында орналасқан, (көшенің аты, үйдің реттік нөмірі көрсетілмеген) тұрғын үй, шаруашылық құрылыстары 1,3104 га. жер учаскесімен қоса талап қоюшы Б.-ның атына ресімделген.

Аталған жер учаскесіне № 19-298-020-253 кадастрлық нөмірі беріліп, уақытша (ұзақ мерзімге, қысқа мерзімге) өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беретін акт (бұдан әрі – Жер актісі) тиісті мемлекеттік органдарда 2007 жылы 28 қазанда тіркелген.

Жоғарыда көрсетілген комиссияның 2007 жылғы 8 ақпандағы № 369 шешіміне сәйкес даулы үй (Жаңаұйым ауылы, Б., 7-үй), шаруашылық құрылыстары 0,235625 га. жер учаскесімен қоса жауапкер М.-ның атына ресімделген.

Жер учаскесі жөніндегі акт тиісті мемлекеттік органда М.-ның атына 2008 жылғы 19 ақпанда тіркелген.

Бірінші сатыдағы сот өз шешімін талап қоюшы Б.-ның үй мен жерді пайдалану, иемдену құқығы тиісті органдарда жауапкерден бұрын тіркелген, сондықтан ақы талабы қанағаттандыруға жатады деген негіздерге сүйене отырып қабылдаған.

Апелляциялық сот алқасы бірінші сатыдағы сот қолданыстағы материалдық заңнаманың талаптарын сақтамаған деген қорытындыға келіп, сот шешімінің күшін жойған.

Азаматтық істің мән-жайын, өтінішхаттың уәждерін зерделеп, кассациялық сот алқасы апелляциялық сот алқасының қаулысы қолданыстағы материалдық заңнамалардың талабына сай қабылданған деген қорытындыға келді.

Жауапкер М.-ның даулы үйде азаматтық некедегі жолдасы Д. қайтыс болғаннан кейін, 1999 жылдан бастап 2017 жылға дейін бала-шағасымен тұрып жатқаны, аталған үйдің иесі ретінде салық және коммуналдық төлемдерін уақытылы төлеп тұрғаны, Жаңаұйым ауылдық округі аппаратының ауыл шаруашылықтарын есепке алу кітабында көрсетілген мәліметтерге толығымен сәйкес келіп, дәлелденген.

Оңтүстік Қазақстан облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының 2018 жылғы 19 наурыздағы үкімімен жауапкер М.-ның ұлы Е. талап қоюшының туған бауыры М.-ны құқыққа қарсы қасақана қазаға ұшыратқаны үшін, яғни өлтіргені үшін Қылмыстық кодекстің 99-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 8 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасына сотталған.

Осы оқиғаға байланысты тараптардың арасында дау-жанжал, бас араздық орын алған.

«Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 шілдедегі № 157 Заңы (бұдан әрі - Заң) 2-бабының 1-тармағына сәйкес Заңның күші, осы Заңның 3-бабында аталған мүлікті қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағындағы, сондай-ақ оның шегінен тыс жердегі, оның ішінде тиесілі емес тұлғаға ресімделген, өздеріне тиесілі және жария ету мерзімі басталғанға дейін алған мүлікті жария ететін және жария етілген жария ету субъектілеріне қолданылады.

Талап қоюшы Б. аталған Заңның талаптарына сәйкес жария ету субъектілерінің санатына жатпайды, себебі ол мүлікті жария ету туралы уәкілетті органға арыз берген кезде даулы үйде тұрмаған және жария етілуге жататын мүлік оған тиесілі болмаған.

Жария етілуге жататын мүлік, яғни тұрғын үй талап қоюшының әкесіне тиесілі болған және Б. өзінің әкесімен туыстық қатынастардан туындайтын салдарларға байланысты даулы үйге өзінің құқықтарын уақытында ресімдеген.

Мүлікті жария ету жөніндегі комиссияның 2007 жылғы 7 наурыздағы № 451 келісімінің негізінде даулы үй кадастарлық нөмірі № 19-298-020-253, аумағы 1,3104 га. жер учаскесімен қоса талап қоюшы Б.-ның атына ресімделген.

Аталған комиссияның 2007 жылғы 8 ақпандағы № 369 санды шешімінің негізінде даулы үй кадастрлық нөмірі 19-298-020-323, аумағы 0,235625 га. жер учаскесімен қоса жауапкер М.-ның атына ресімделген, яғни мүлікті жария ету жөнінде шешім қабылдауға өкілетті органның шешімі бірінші кезекте, жауапкер жөнінде қабылданған.

Комиссияның даулы үйді М.-ның атына жария ету жөніндегі шешімі шыққан уақыттан бастап жауапкер осы мүлікке иелік ету құқығына заңды түрде ие болған және оның аталған құқығы талап қоюшы Б.-ның құқығынан бұрын туындаған.

М.-ның атына шығарылған шешімде даулы үйдің Б.-ның атындағы көшеде, нөмірі 7 реттік санымен орналасқаны көрсетілген болса, талап қоюшының атына шығарылған шешімде даулы үй орналасқан көшенің аты, үйдің нөмірі көрсетілмеген.

Талап қоюшы жауапкердің атына қабылданған комиссия шешімінің заңсыздығы туралы тиісті органдарға арызданбаған.

Жарияланған мүлікті тиісті мемлекеттік органда тіркеу субъектінің елеулі құқығы болып табылады және оны тіркеу келу сипатымен (явочный характер) ерекшеленеді.

Ал жарияланған мүліктің Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өту уақыты аталған комиссияның шешімін заңсыз деп тануға

құқықтық негіз болып саналмайды және мұндай негіздер арнайы Заңда көрсетілмеген.

Сондықтан, сот алқасы, бірінші сатыдағы сот Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 118-бабының 2-бөлігіне және «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы» Заңның нормаларына қате сілтеме жасаған деп есептейді.

Жоғарыда аталған Заңның талаптарына сәйкес жария етілуге жататын мүлік оны жария ету жөнінде арыз берген субъектіге тиесілі, яғни оның иелігіндегі немесе пайдалануындағы мүлік болуы тиіс.

Азаматтық іс бойынша жиналған дәлелдемелерге сәйкес, даулы үй талап қоюшы Б.-ның иелігінде болмаған және ол үйді пайдаланбаған, себебі даулы үй оған тиесілі болмаған.

Даулы үйге қатысты өзінің құқықтарын белгілейтін және айқындайтын дәлелдерді талап қоюшы сотқа ұсынбаған.

Талап қоюшының даулы үйді жария ету туралы арыз берген уақытта, онда өзінің бауыры М. тұрып жатқан деген уәждері де өз дәлелін таппады.

Аталған уәжді келтіре отырып, талап қоюшы мүлікті жария ету уақытында даулы үйде тұрмағанын және иелік етпегенін бекітеді.

Жоғарыдағы мән-жайларды басшылыққа ала отырып, сот алқасы бірінші сатыдағы сот осы азаматтық дауды қарап, шешкен кезде материалдық заңнамаларды қолдануда қателіктер жіберген, яғни даулы құқықтық қатынастарды реттейтін заңнаманы дұрыс қолданбаған, сондықтан заңсыз шешім қабылдаған деген қорытындыға келеді.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы апелляциялық сот алқасының қаулысын күшінде, талап қоюшы Б.-ның өтінішхатын қанағаттандырусыз қалдырды.

---

## **Банктік заем шартын жарамсыз деп тану туралы**

### **Жергілікті соттар азаматтық іс бойынша құқықтық қатынастарды реттейтін заңнаманы дұрыс қолданбаған**

*2018 жылғы 5 желтоқсан*

*№ 6001-18-00-32п/781*

Талап қоюшы Қ. сотқа банктік қарыз шартын жарамсыз деп тану және көрсетілген қызмет үшін төленген комиссия сомасын өндіру туралы талап арызбен жүгінген.

2014 жылғы 23 шілдеде тараптардың арасында жасалған несие шарты негізінде «F» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Банк) талапкерге 1 689 653 теңге берген. Аталған шарттың 3-тармағының «с»-тармақшасымен несиеге қызмет көрсеткені үшін ай сайын 0,7 пайыз, яғни 11 828 теңге көлемінде комиссия төлеу қарастырылып, жалпы сомасы 354 840 теңге төленген. 2017 жылғы 13 ақпанда шарт талап қоюшымен толық орындалуына байланысты өз күшін тоқтатқан.

Батыс Қазақстан облысы № 2 Орал қалалық сотының 2018 жылғы 17 мамырдағы шешімімен талап арыз қанағаттандырусыз, Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2018 жылғы 26 шілдедегі қаулысымен сот шешімі өзгеріссіз қалдырылған.

Өтінішхатта талап қоюшы соттардың тұжырымдары істің мән жайына сәйкес келмейтінін көрсетіп, сот актілерінің күшін жойып, талап қою арызын қанағаттандыру туралы жаңа шешім қабылдауды сұраған.

Іс құжаттарына қарағанда, тараптар арасында 2014 жылғы 23 шілдеде № 16401917-121417АКМ14 қарыз беру туралы шарт жасалған. Осы шарт негізінде Қ.-ға 1 689 653 теңге көлемінде несие беріліп, оны өтеу үшін 2018 жылғы 23 шілдеге дейін мерзім белгіленген.

Аталған шарттың 3-тармағы «с»-тармақшасының талабына сай банк талап қоюшыға кредиттік қызмет көрсеткені үшін ай сайын 11 828 теңге көлемінде комиссия төлеуді міндеттеген.

Алайда, талап қоюшы 2017 жылғы 13 ақпанда өз міндеттемелерін тиісті дәрежеде мерзімінен бұрын орындап, банкке жалпы сомасы 354 840 теңге төлеген.

Ал, талап арызды қанағаттандырудан бас тартқан бірінші және апелляциялық сатыдағы соттар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 368, 386-баптарына сәйкес шарт мерзімінің аяқталуы, шарт бойынша тараптар міндеттемелерінің тоқтатылуы деп танығын.

Сондықтан азаматтық істер жөніндегі сот алқасы жергілікті соттар осы азаматтық дауды қарап, шешкен кезде материалдық заңнаманы қолдануда қателіктер жіберген деген тұжырымға келді.

Алайда, АК-нің 368-бабы 1-бөлігінің талаптарына сай, міндеттеме тиісті дәрежеде орындалғанда тоқтатылатыны көрсетілген.

Сонымен қатар АК-нің 386-бабының 4-тармағына сәйкес шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуы тараптарды осы мерзім біткенге дейін орын алып келген шартты бұзғандығы үшін жауапкершіліктен босатпайды.

Жоғарыда көрсетілген нормалардың негізінде шарттық қатынастар тоқтатылады дегенмен, мүдделі тараптардың шарттың өзін даулауына кедергі келтірмейді.

АК-нің 158-бабының 1-бөлігіне сәйкес мазмұны заңнама талаптарына сәйкес келмейтін мәміле, сондай-ақ құқықтық тәртіп негіздеріне көрінеу

қайшы келетін мақсатпен жасалған мәміле, егер осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, дауланатын мәміле болып табылады және сот оны жарамсыз деп тануы мүмкін.

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 30-бабының тек 2 және 11-тармақтарында көрсетілген банк және өзге де операцияларды жүзеге асыруы банк қызметі болып табылады.

Барлық банк операцияларының тізбесі Заңның 30-бабында нақты көрсетілген, алайда оның ішінде кредитке қызмет көрсету түріндегі операциясы көзделмеген.

Сонымен қатар, Банк заем шартын жасаған кезде осы қызметке қажетті нақты әрекеттер мен оның мөлшерін анықтап көрсетуге тиіс. Алайда Банк кредитке қызмет көрсеткені туралы ешқандай дәлел келтірмеген. Сондықтан Банктің кредиттік қызмет көрсеткені үшін комиссия алуы негізсіз болып табылады.

Заңмен қарастырылған банктік қызмет, банктік қарыз операцияларына: банктің, ипотекалық ұйымның, банк болып табылмайтын, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның немесе агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингінің еншілес ұйымдарының төлемдік, мерзімдік және қайтарымдық шарттарымен ақшалай нысанда кредиттер беруін қамтиды.

Мұндай жағдайда бірінші және апелляциялық сатыдағы соттар істің мән-жайын дұрыс анықтаған, алайда құқықтық қатынастарды реттейтін заңнаманы дұрыс қолданбаған.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі кассациялық сот алқасы жергілікті сот актілерінің күшін жойып, азаматтық іс бойынша жаңа шешім қабылдады, яғни 2014 жылғы 23 шілдедегі № 16401917-121417АКМ14 қарыз шартының 3-тармағының «с»-тармақшасы жарамсыз деп танылды.

«F» акционерлік қоғамынан Қ.-ның пайдасына банктік қарызға қызмет көрсеткені үшін төленген 354 840 теңге комиссия сомасы және 27 968 теңге сот шығыны өндірілді.

Шағымданушы Қ.-ның өтінішхаты қанағаттандырылды.

## **Налоговые споры**

**Пунктом 26 нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан от 24 декабря 2010 года № 20 «О некоторых вопросах применения судами норм главы 29 Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан» установлено, что законность обжалуемого решения, действия (бездействия) означает, что оно принято (совершено) в соответствии с нормативными правовыми актами, в пределах компетенции государственного органа или органа местного самоуправления, полномочий должностного лица или государственного служащего**

*24 октября 2018 года*

*№ 6001-18-00-3ГП/611*

М. обратилась в суд с иском к Департаменту о признании решения Налогового органа, выраженного:

- в акте документальной налоговой проверки от 28 марта 2016 года № 463 (далее - Акт) и в уведомлении о результатах проверки от 28 марта 2016 года № 463 (далее - Уведомление) о начислении суммы по индивидуальному подоходному налогу (далее – ИПН) с доходов, не облагаемых у источника выплаты в размере 4 082 894 тенге и пени незаконным;

- о возложении обязанности на Налоговый орган отменить Акт и Уведомление, устранив в полном объеме допущенные нарушения прав и охраняемых законом интересов заявителя.

Определением районного суда № 2 Алмалинского района города Алматы от 26 января 2018 года производство по делу в части признания решения Налогового органа, выраженного в Акте и Уведомлении незаконным, прекращено.

Решением районного суда № 2 Алмалинского района города Алматы от 26 января 2018 года в удовлетворении заявления отказано.

Определением судебной коллегии по гражданским делам Алматинского городского суда от 14 мая 2018 года определение суда первой инстанции оставлено без изменения.

Постановлением судебной коллегии по гражданским делам Алматинского городского суда от 14 мая 2018 года решение суда первой инстанции отменено.

По делу вынесено новое решение об удовлетворении заявления.

Уведомление признано незаконным.

На Департамент возложена обязанность об устранении допущенных нарушений прав и законных интересов заявителя в месячный срок со дня вступления решения суда в законную силу.

Судебная коллегия по гражданским делам Верховного Суда отменила постановление апелляционной инстанции, оставив в силе решение суда первой инстанции по следующим основаниям.

Судом установлено, что согласно договору на долевое участие в строительстве от 9 декабря 2005 года № 0912/05-П1-Е (далее – Договор) М. передала ТОО «Т» 19 208 393 тенге для долевого участия в строительстве дома по адресу:

- город Алматы, улица Зенкова, выше улицы Кабанбай батыра, за 3-комнатную квартиру, на 5-ом этаже в подъезде № 1, общей площадью 91, 7 кв. метров.

Заключенным договором об уступке прав и обязанности от 16 августа 2011 года Т. безвозмездно передала М. права и обязанности по Договору.

Право собственности на приобретенное недвижимое имущество зарегистрировано за М. в органах юстиции 2 октября 2012 года.

Согласно договору купли-продажи от 25 июня 2013 года М. произвела отчуждение квартиры Р. за 46 810 000 тенге.

Договор купли-продажи зарегистрирован в ГУ «Департамент юстиции по городу Алматы» 28 июня 2013 года.

Департаментом в отношении М., на основании предписания от 11 марта 2016 года № 463 проведена документальная налоговая проверка по вопросам неисполнения налогоплательщиком уведомления налоговых органов об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля.

По итогам проверки составлен Акт и выставлено оспариваемое Уведомление.

Суд первой инстанции, отказывая в удовлетворении заявления, исходил из того, что оспариваемое решение принято Налоговым органом в соответствии с требованиями закона, в пределах компетенции и полномочий государственного органа.

Самостоятельным основанием для отказа в иске суд привел пропуск трехмесячного срока для обращения в суд.

Апелляционная коллегия, отменяя решение суда и признав Уведомление незаконным, свои выводы мотивировала тем, что начисление ИПН от реализации недвижимого имущества М. Налоговым органом произведено в нарушение законодательства.

Вместе с тем с такими выводами апелляционной инстанции нельзя согласиться, поскольку они основаны на неправильном применении норм материального и процессуального права и на несоответствии выводов суда, изложенных в постановлении, обстоятельствам дела.

Согласно подпункту 1) пункта 1 статьи 180 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (далее – Налоговый кодекс), действовавшего на момент возникновения

правоотношений, к имущественному доходу физического лица, подлежащему налогообложению, относится:

- доход от прироста стоимости при реализации физическим лицом, а также индивидуальным предпринимателем, применяющим специальный налоговый режим для субъектов малого бизнеса, имущества, указанного в статье 180-1 настоящего Кодекса.

Пунктом 4 статьи 180-1 Налогового кодекса определено, что в случае реализации недвижимого имущества, приобретенного в результате уступки права требования доли в жилом здании по договору о долевом участии в жилищном строительстве доходом от прироста стоимости является положительная разница между ценой (стоимостью) реализации имущества и стоимостью, по которой налогоплательщик приобрел право требования доли в жилом здании по договору о долевом участии в жилищном строительстве.

По делу достоверно установлено и не оспаривается сторонами, что М., являясь самостоятельным налогоплательщиком, получила права и обязанности по Договору безвозмездно.

В этой связи коллегия соглашается с доводами ходатайства о том, что к спорным правоотношениям подлежал применению подпункт 1) пункта 7 статьи 180-1 Налогового Кодекса.

Из приведенной нормы материального права следует, что в случае, указанном в пункте 6 настоящей статьи, при отсутствии рыночной стоимости, определенной на дату возникновения права собственности на реализованное имущество, указанное в подпунктах 1) – 7) пункта 1 настоящей статьи, либо при несоблюдении срока определения рыночной стоимости, установленного пунктом 6 настоящей статьи, а также в других случаях отсутствия цены (стоимости) приобретения имущества, не указанных в пункте 6 настоящей статьи, доходом от прироста стоимости является:

- по имуществу, указанному в подпункте 1) пункта 1 настоящей статьи, – положительная разница между ценой (стоимостью) реализации имущества и оценочной стоимостью. При этом оценочной стоимостью является стоимость, определенная для исчисления налога на имущество Государственной корпорацией «Правительство для граждан» на 1 января года, следующего за отчетным налоговым периодом, в котором возникло право собственности на реализованное имущество.

Право собственности на недвижимое имущество за М. зарегистрировано 2 октября 2012 года.

Это обстоятельство подтверждается свидетельством на право собственности от 26 сентября 2012 года № 035888.

Отчуждение квартиры по договору купли-продажи произведено 26 июня 2013 года за сумму 46 810 000 тенге.

Оценочная стоимость имущества, по данным органа юстиции, составила 5 981 065 тенге.

Таким образом, у М. возник имущественный доход от продажи недвижимости, который, в силу пункта 1 статьи 158 Налогового кодекса, подлежит налогообложению по ставке 10%.

Пунктом 26 нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан от 24 декабря 2010 года № 20 «О некоторых вопросах применения судами норм главы 29 Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан» установлено, что законность обжалуемого решения, действия (бездействия) означает, что оно принято (совершено) в соответствии с нормативными правовыми актами, в пределах компетенции государственного органа или органа местного самоуправления, полномочий должностного лица или государственного служащего.

Признав законность обжалованного решения, действия (бездействия), суд в соответствии с частью второй статьи 227 ГПК выносит решение об оставлении заявления без удовлетворения.

Поскольку обжалуемое Уведомление принято Департаментом в соответствии с требованиями Налогового кодекса и в пределах компетенции государственного органа, коллегия приходит к выводу об обоснованности доводов ходатайства и законности решения суда первой инстанции.

---

## Споры о праве наследования

**Если в течение трех месяцев с момента извещения,  
предусмотренного предыдущей частью, отсутствующий  
наследник не уведомит остальных наследников о своем желании  
участвовать в соглашении о разделе наследства, остальные  
наследники вправе произвести раздел по соглашению между собой,  
выделив долю, причитающуюся отсутствующему наследнику**

*31 октября 2018 года*

*№ 6001-18-00-3гп/680*

П. обратилась в суд с иском к А., Г., частному нотариусу Р. о признании недействительным свидетельства о праве на наследство, мотивируя тем, что после смерти ее бабушки Е., по линии отца А., открылось наследство в виде домостроения с земельным участком, расположенного по адресу: город Шымкент, улица Алимбетова, дом 107 (далее – спорный дом). 4 апреля 2013 года ответчики без ее ведома получили свидетельство о праве на

наследство в равных долях, тем самым нарушив ее права как наследника. Срок для принятия наследства ею не пропущен, так как она своевременно обратилась к нотариусу.

Решением Аль-Фарабийского районного суда города Шымкент от 16 марта 2018 года иск П. удовлетворен.

Признано частично недействительным свидетельство о праве на наследство от 4 апреля 2013 года на спорный дом, выданное нотариусом Р.

Постановлением судебной коллегии по гражданским делам Южно-Казахстанского областного суда от 4 июня 2018 года решение суда отменено с вынесением нового решения об отказе в иске.

Судебная коллегия по гражданским делам Верховного Суда отменила постановление апелляционной инстанции, оставив в силе решение суда первой инстанции по следующим основаниям.

Из материалов дела следует, что А., умерший 27 декабря 2007 года, являлся сыном Е. и отцом П.

Следовательно, истец в соответствии с пунктом 1 статьи 1061 Гражданского кодекса Республики Казахстан (далее – ГК) является наследником первой очереди, также как и дети Е. – А., Г.

После смерти Е. открылось наследственное имущество в виде спорного дома.

Согласно свидетельству о праве на наследство от 4 апреля 2013 года, выданному нотариусом Р., наследниками в равных долях стали А. и Г.

Материалами дела подтверждается, что 12 марта 2012 года П. обратилась к нотариусу Б. о выдаче свидетельства о наследстве, которое зарегистрировано в установленном законом порядке. В данном заявлении П. указала всех наследников, в том числе Г. и А.

Отказывая в удовлетворении иска, суд апелляционной инстанции пришел к выводу, что при обращении к нотариусу Б. заявитель не представила правоустанавливающих документов на спорный дом, в связи с чем оснований для открытия наследственного дела у нотариуса Б. не имелось.

Вместе с тем в установленный законом срок в соответствии с требованиями статьи 1072-1 ГК истец обратилась к нотариусу в данном случае срок ею не пропущен.

Более того, согласно статье 1077 ГК, если среди наследников имеются лица, место нахождения которых неизвестно, остальные наследники, исполнитель завещания (управляющий наследством) и нотариус обязаны призванию их к наследованию.

Если призванный к наследованию отсутствующий наследник, место нахождения которого установлено, не отказался от наследства в течение

срока, предусмотренного статьей 1074 ГК, остальные наследники обязаны известить его о своем намерении произвести раздел наследства.

Если в течение трех месяцев с момента извещения, предусмотренного предыдущей частью, отсутствующий наследник не уведомит остальных наследников о своем желании участвовать в соглашении о разделе наследства, остальные наследники вправе произвести раздел по соглашению между собой, выделив долю, причитающуюся отсутствующему наследнику.

Судом первой инстанции установлено, что П. в установленный законом срок обратилась к нотариусу с заявлением о выдаче свидетельства о праве на наследство по закону. По ее заявлению нотариусом Б. было открыто наследственное дело, что подтверждается письмом от 15 июня 2012 года.

Остальные наследники, оформив наследство у нотариуса Р., не известили истца о намерении произвести раздел наследства.

При таких обстоятельствах судом первой инстанции правомерно удовлетворены исковые требования П.

---

## **Споры в сфере пенсионного законодательства**

### **Соглашение позволяет засчитывать трудовой стаж работы в Республике Казахстан для начисления пенсии в Российской Федерации, но не влечёт возникновение права на пенсию в Республике Казахстане по достижению пенсионного возраста, установленного российским законодательством**

*5 декабря 2018 года*

*№ 6001-18-00-32п/745*

Д. обратился в суд с иском к АО «А» (Акционерное общество - АО) о признании незаконным отказа в выплате единовременного пособия в связи с выходом на пенсию и о возложении обязанности осуществить выплату единовременного пособия, предусмотренного пунктом 11.6 Коллективного договора по социально-экономическим вопросам Акционерного общества от 1 марта 2007 года (далее – Коллективный договор) и пунктом 1.2 Положения об оказании материальной помощи (единовременного пособия) трудящимся Угольного Департамента (далее – Положение о единовременном пособии).

Решением Шахтинского городского суда от 4 декабря 2017 года иск удовлетворён:

- признан незаконным письменный отказ АО «А» от 4 июля 2017 года за № 6-1304 в назначении и выплате требуемого Д. единовременного пособия;

- на Акционерное общество возложена обязанность произвести начисление и выплату Д. единовременного пособия, предусмотренного пунктом 11.6 Коллективного договора и пунктом 1.2 Положения о единовременном пособии;

- взысканы с ответчика в пользу истца возмещение расходов по оплате услуг представителя и нотариуса в сумме 32 948 тенге, в доход государства государственная пошлина в размере 2 269 тенге.

Постановлением судебной коллегии по гражданским делам Карагандинского областного суда от 20 февраля 2018 года решение суда первой инстанции оставлено в силе.

Судебная коллегия по гражданским делам Верховного Суда отменила судебные акты местных судов и вынесла новое решение об отказе в иске Д. к АО «А» о признании незаконным отказа в выплате единовременного пособия в связи с выходом на пенсию и о возложении обязанности осуществить начисление и выплату единовременного пособия в связи с выходом на пенсию по следующим основаниям.

Как установлено по делу, Д. на шахте «Гентекская» Угольного Департамента АО «А» (ранее АО «Испат-Кармет») работал 26 лет 10 месяцев 17 дней: с 28 июля 1986 года по 14 октября 1993 года (с перерывом на учёбу в СПТУ-7 города Шахтинск с 22 января по 3 ноября 1989 года по направлению и за счёт средств АО), затем с 19 марта 1997 года по 18 ноября 2016 года.

9 июня 2016 года Д. получил вид на жительство в России и 23 июня 2016 года на основании его заявления в соответствии с подпунктом 1) пункта 1 статьи 30 Федерального закона «О страховых пенсиях» ему Пенсионным фондом Российской Федерации назначена страховая пенсия по старости, как лицу, достигшему возраста 50 лет, имеющему страховой стаж более 20 лет и проработавшему более 10 лет на подземных работах с вредными условиями труда, о чём выдана справка от 18 октября 2016 года № 892698/16 (далее – справка № 892698/16), другие документы, в которых также указано о том, что Д. является получателем пенсии по старости в Российской Федерации.

8 ноября 2016 года Д. обратился к администрации АО «А» с заявлением, в котором просил уволить его с 18 ноября 2016 года «по собственному желанию в связи с выходом на пенсию».

Приказом АО «А» от 15 ноября 2016 года № 2531-к трудовой договор с Д. расторгнут с 18 ноября 2016 года «по инициативе работника» на основании пункта 5 статьи 49, пункта 2 статьи 56 Трудового кодекса Республики Казахстан (далее – ТК).

28 июня 2017 года Д. обратился в АО с заявлением о выплате единовременного пособия, предусмотренного пунктом 11.6 Коллективного договора.

Акционерное общество письмом от 4 июля 2017 года № 6-1304 в выплате требуемого Д. пособия отказало, указав, что он не достиг возраста 63 лет и не может быть уволен по основанию, предусмотренному подпунктом 24) пункта 1 статьи 52 ТК, а представленная им справка № 892698/16 юридического значения в данном случае не имеет.

При обращении в суд с иском по настоящему делу Д. просил признать незаконным отказ Акционерного общества в выплате единовременного пособия, сослался при этом на пункт 1.2 Положения о единовременном пособии.

Делая вывод о наличии у истца права на получение единовременного пособия, признавая незаконным письменный отказ АО от 4 июля 2017 года № 6-1304 и возлагая на работодателя обязанность по осуществлению бывшему работнику выплаты, предусмотренной пунктом 1.2 Положения о единовременном пособии, местные суды исходили из факта приобретения Д. статуса пенсионера в России с 23 июня 2016 года как подлежащего учёту согласно нормам международного права.

Однако выводы местных судов о незаконности вышеуказанного письменного отказа АО и соответствующее возложение на работодателя обязанности по выплате истцу единовременного пособия основаны на неправильном применении норм материального права, пункта 11.6 Коллективного договора и пункта 1.2 Положения о единовременном пособии, Соглашения о гарантиях прав граждан государств-участников Содружества Независимых Государств в области пенсионного обеспечения, совершённого в городе Москва 13 марта 1992 года.

В пункте 11.6 Коллективного договора оговорено обязательство АО «А» выплатить предусмотренное пунктом 1.2 Положения о единовременном пособии единовременное пособие работнику предприятия при расторжении с ним индивидуального трудового договора в связи с его выходом на пенсию.

Отказывая работнику письмом от 4 июля 2017 года № 6-1304 в выплате названного пособия, работодатель правильно указал, что согласно национальному законодательству (статья 11 Закона «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан») лицо мужского пола в Казахстане считается достигшим пенсионного возраста в 63 года, тогда как возраст Д. на дату увольнения составлял 50 лет, в связи с чем при увольнении не мог быть указан в качестве основания подпункт 24) пункта 1 статьи 52 ТК.

Трудовой договор с Д. расторгнут по его инициативе на основании пункта 5 статьи 49, пункта 2 статьи 56 ТК, а не в связи с выходом на пенсию,

поэтому на работодателя не может быть возложена обязанность выплаты требуемого работником единовременного пособия.

Согласно пункту 2 статьи 6 Соглашения о гарантиях прав граждан государств-участников Содружества Независимых Государств в области пенсионного обеспечения, достигнутого в городе Москва 13 марта 1992 года (далее – Соглашение), для установления гражданам государств-участников Соглашения права на пенсию, в том числе пенсий на льготных основаниях и за выслугу лет, учитывается трудовой стаж, приобретённый на территории любого из этих государств, а также на территории бывшего СССР за время до вступления в силу Соглашения.

Из буквального толкования приведённой нормы следует, что Соглашение позволяет засчитывать трудовой стаж работы в Республике Казахстан для начисления пенсии в Российской Федерации, но не влечёт возникновение права на пенсию в Республике Казахстан по достижению пенсионного возраста, установленного российским законодательством. На основе данного Соглашения Д. приобрёл статус пенсионера в России и там же ему назначена пенсия с учётом трудового стажа в СССР и в Республике Казахстан. Однако оно не даёт оснований для признания Д. пенсионером на территории Казахстана и возложения на Акционерное общество обязанности по выплате единовременного пособия, предусмотренного для работников, увольняемых в связи с достижением пенсионного возраста, установленного нормами национального законодательства.

Допущенные судами первой и апелляционной инстанций нарушения норм материального права, выразившиеся в применении норм закона, не подлежавших применению, и в неприменении норм, подлежащих применению, привели к неправильному разрешению спора, что в силу подпункта 4) части первой статьи 427 ГПК является основанием для отмены состоявшихся судебных актов.

---

## Споры в сфере страхования

**Удовлетворяя требования истца,  
суд первой инстанции руководствовался  
статьей 840 ГК и исходил из того, что истцом не  
пропущен срок исковой давности**

*20 декабря 2018 года*

*№ 6001-18-00-3nn/124*

АО «Страховая компания «К» (далее – Страховая компания) обратилось в суд с иском к Д. о взыскании суммы в порядке суброгации.

Решением районного суда № 2 Ауэзовского района города Алматы от 26 февраля 2018 года иск удовлетворен. Взыскано с Д. в пользу Страховой компании 151 324 тенге.

Постановлением судебной коллегии по гражданским делам Алматинского городского суда от 14 мая 2018 года решение суда отменено с вынесением по делу нового решения об отказе в иске.

В представлении ставится вопрос о пересмотре постановления апелляционной инстанции ввиду нарушения единообразия в толковании и применении норм права.

Судебная коллегия по гражданским делам Верховного Суда отменила постановление апелляционной инстанции, оставив в силе решение суда первой инстанции по следующим основаниям.

Судом установлено, что 25 июня 2014 года между Страховой компанией и Т. был заключен договор добровольного имущественного страхования, объектом которого являлось транспортное средство марки «Фольксваген».

Условиями данного договора предусматривается осуществление страховой выплаты при повреждении застрахованного транспортного средства в результате дорожно-транспортного происшествия, виновник которого не застраховал свою гражданско-правовую ответственность как владелец транспортного средства в порядке, предусмотренном Законом «Об обязательном страховании гражданско-правовой ответственности владельцев транспортных средств».

24 июля 2014 года водитель Д., управляя автомашиной марки «Тойота Камри», допустил столкновение с автомашиной марки «Фольксваген». В результате дорожно-транспортного происшествия транспортное средство марки «Фольксваген» получило механические повреждения, а его владельцу в лице страхователя был причинен материальный ущерб в размере восстановительного ремонта.

Постановлением суда от 29 августа 2014 года Д. был признан виновным в совершении административного правонарушения, предусмотренного частью 1 статьи 468 Кодекса об административных правонарушениях Республики Казахстан (далее – КоАП).

На момент дорожно-транспортного происшествия у ответчика отсутствовал действующий полис страхования гражданско-правовой ответственности владельца транспортного средства.

Страховая компания, признав указанный случай страховым, 12 февраля 2015 года произвела страховую выплату, а 29 августа 2017 года обратилась в суд с настоящим иском.

Удовлетворяя требования истца, суд первой инстанции руководствовался статьей 840 Гражданского кодекса Республики Казахстан

(далее – ГК) и исходил из того, что истцом не пропущен срок исковой давности.

Отменяя решение суда и отказывая истцу в иске, суд апелляционной инстанции мотивировал свое решение тем, что в данном случае не возникал спор, связанный с установлением причинителя вреда, поэтому срок исковой давности следовало исчислять с 24 июля 2014 года.

Судебная коллегия считает, что с выводами суда апелляционной инстанции согласиться нельзя, поскольку они сделаны при неправильном определении обстоятельств, имеющих значение для дела, и основаны на неправильном применении норм материального права.

В силу статьи 840 ГК, если договором имущественного страхования не предусмотрено иное, к страховщику, осуществившему страховую выплату, переходит в пределах уплаченной суммы право требования, которое страхователь (застрахованный) имеет к лицу, ответственному за убытки, возмещенные в результате страхования.

Перешедшее к страховщику право требования осуществляется им с соблюдением правил, регулирующих отношения между страхователем (застрахованным) и лицом, ответственным за убытки.

Суды первой и апелляционной инстанций правильно указали, что перемена лиц в обязательстве при суброгации в соответствии со статьей 181 ГК не влечет изменения срока исковой давности и порядка его исчисления, поэтому должник может заявить о пропуске этого срока точно так же, как если бы вместо нового кредитора действовал прежний. Срок исковой давности для страховщика при предъявлении иска к причинителю вреда в порядке суброгации исчисляется с момента наступления страхового случая, а не с момента осуществления страховой выплаты. При наличии спора, связанного с установлением субъекта - причинителя вреда, срок исковой давности исчисляется с момента вступления в силу судебного акта, которым определен этот субъект.

В соответствии с пунктом 2 статьи 931 ГК вред, причиненный в результате взаимодействия источников повышенной опасности их владельцам, возмещается на общих основаниях. При этом:

1) вред, причиненный по вине одной стороны, возмещается в полном объеме этой стороной;

2) вред, причиненный по вине обеих или нескольких сторон, возмещается соразмерно степени вины каждой из них.

При невозможности установить степень вины каждой из сторон ответственность распределяется между ними поровну.

При отсутствии вины сторон в причинении вреда ни одна из них не имеет права требовать возмещения вреда. Каждая из сторон несет в таком случае риск понесенных ею убытков.

В данном случае имело место столкновение двух источников повышенной опасности, следовательно, для выяснения вопроса, кто будет отвечать за вред, причиненный автомобилям, необходимо установить вину участников дорожно-транспортного происшествия. В свою очередь вина в совершении дорожно-транспортного происшествия устанавливается уполномоченным органом или судом.

Свои доводы о несогласии с решением суда Д. мотивировал тем, что свою вину он признал еще в момент составления протокола о дорожно-транспортном происшествии, поэтому необходимости в установлении субъекта - причинителя вреда не было. Судебная коллегия по гражданским делам Алматинского городского суда согласилась с доводами ответчика об отсутствии спора.

Вместе с тем в соответствии с частью 1 статьи 10 КоАП лицо, в отношении которого возбуждено дело об административном правонарушении, считается невиновным, пока его виновность не будет доказана в предусмотренном настоящим Кодексом порядке и установлена вступившим в законную силу постановлением судьи, органа (должностного лица), рассмотревшего в пределах своих полномочий дело.

Вина Д. была установлена постановлением специализированного межрайонного административного суда города Алматы от 29 августа 2014 года. Следовательно, суд первой инстанции пришел к правильному выводу о том, что истцом не пропущен срок исковой давности.

---

## **Обжалование действий и решений органа уголовно-исполнительной системы**

**Рассматривая по существу заявленное требование,  
местные суды не учли, что в силу подпункта б) части 2 статьи  
293 ГПК не могут быть оспорены в суде решения, действия  
(бездействие) государственных органов, должностных лиц,  
государственных служащих, подлежащие рассмотрению судом  
в порядке, определённом УПК и КоАП**

*20 декабря 2018 года*

*№ 6001-18-00-3гн/821*

С. обратился в суд с иском к РГУ «Учреждение ОВ-156/1 Департамента уголовно-исполнительной системы по Восточно-Казахстанской области» (далее – Учреждение) о признании незаконным и отмене постановления о наложении дисциплинарного взыскания в виде замечания.

Решением Усть-Каменогорского городского суда Восточно-Казахстанской области от 24 апреля 2018 года в удовлетворении заявления отказано.

Постановлением судебной коллегии по гражданским делам Восточно-Казахстанского областного суда от 12 июля 2018 года решение суда оставлено без изменения.

Судебная коллегия по гражданским делам Верховного Суда отменила судебные акты местных судов и производство по делу по заявлению С. к РГУ «Учреждение ОВ-156/1 Департамента уголовно-исполнительной системы по Восточно-Казахстанской области» о признании незаконным и отмене постановления о наложении дисциплинарного взыскания прекращено в силу следующего.

Судом установлено, что С. осужден 9 января 2017 года судом № 2 города Усть-Каменогорск Восточно-Казахстанской области по части 2 статьи 428, по пункту 5 части 2 статьи 107, части 3 статьи 58, статьи 60 Уголовного кодекса Республики Казахстан на 14 лет лишения свободы в исправительной колонии общего режима с конфискацией имущества и отбывает наказан в Учреждении ОВ-156/1 Департамента уголовно-исполнительной системы по Восточно-Казахстанской области.

11 декабря 2017 года начальником Учреждения, майором юстиции Ж. вынесено постановление о наложении на С. дисциплинарного взыскания, осужденному объявлено замечание за нарушение установленного порядка отбывания наказания.

Отказывая заявителю в отмене постановления о наложении дисциплинарного взыскания, местные суды исходили из того, что факт нарушения С. установленного порядка отбывания наказания установлен, порядок привлечения к дисциплинарной ответственности соблюден.

Вместе с тем, рассматривая по существу заявленное требование, суды не учли, что в силу подпункта б) части 2 статьи 293 ГПК не могут быть оспорены в суде решения, действия (бездействие) государственных органов, должностных лиц, государственных служащих, подлежащие рассмотрению судом в порядке, определенном Уголовно-процессуальным кодексом Республики Казахстан (далее – УПК) и Кодексом Республики Казахстан об административных правонарушениях.

Согласно части 1 статьи 482 УПК осужденный вправе обжаловать в суд действия (бездействие) и решения учреждения или органа, исполняющих наказание, затрагивающие их права и законные интересы, а также решения прокурора по вопросам, связанным с исполнением приговора, либо отказ прокурора в удовлетворении их аналогичных жалоб. Рассмотрение указанных жалоб осужденных осуществляется в порядке, предусмотренном статьей 106 УПК.

В соответствии с подпунктом 1) статьи 277 ГПК суд прекращает производство по делу, если дело не подлежит рассмотрению в порядке гражданского судопроизводства.

При таких обстоятельствах состоявшиеся по делу судебные акты подлежат отмене с прекращением производства по делу.



**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының қаулыларынан үзінділер**

**Извлечения из постановлений судебной коллегии по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан**

**Жаза тағайындау**

**ҚПК-нің 340-бабының 1-бөлігіне сәйкес басты сот талқылауы тек сол сотталушыға қатысты және ол сотқа берілген айыптау шектерінде ғана жүргізілуі тиіс**

*2018 жылғы 23 қазан*

*№ 2уп-264(2)-18*

Шымкент қаласы Еңбекші аудандық сотының 2017 жылғы 2 қазандағы үкімімен:

А. бұрын 2011 жылғы 28 ақпанда Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 185-бабының 1-бөлігімен, 175-бабы 3-бөлігінің «б» тармағымен, 177-бабы 3-бөлігінің «б» тармағымен, ҚК-нің 58-бабының 3-бөлігі негізінде 7 жыл 6 айға бас бостандығынан айыруға сотталған. 2012 жылғы 24 қаңтардағы сот қаулысымен бұл жазаның мөлшері ҚК-нің 5-бабына сәйкес 7 жылға дейін төмендетілген. 2015 жылғы 22 маусымда жазасын өтеуден 1 жыл 10 ай 28 күнге шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған,

- ҚК-нің 345-бабының 3-бөлігімен, 347-бабымен ҚК-нің 58-бабының 2-бөлігі негізінде қылмыстардың жиынтығы бойынша онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңiру жолымен түпкiлiктi 5 жыл мерзiмге көлiк құралын басқару құқығынан айыра отырып, 2 жыл 6 айға бас бостандығынан айыруға сотталып, жазасын қылмыстық-атқару жүйесiнiң қауiпсiздiгi барынша төмен мекемесiнде өтеу тағайындалған.

Сот үкімімен А. көлік құралын жүргізіп келе жатып, жол қозғалысы немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын өрескел бұзып, абайсызда жәбірленуші У.-дың өліміне әкеп соққан жол-көлік оқиғасын жасап, оқиға болған жерден кетіп қалғаны үшін кінәлі деп танылған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2017 жылғы 24 қарашадағы қаулысымен сот үкімінің күші жойылған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2017 жылғы 24 қарашадағы үкімімен А. ҚК-нің 345-бабының 3-бөлігімен, 347-бабымен, ҚК-нің 58-бабының 2-бөлігі негізінде қылмыстардың жиынтығы бойынша онша ауыр емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңiру жолымен түпкiлiктi 5 жылға көлiк құралын

басқару құқығынан айырыла отырып, 4 жыл 6 айға бас бостандығынан айыруға сотталып, жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша жоғары мекемесінде өтеу тағайындалған.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2018 жылғы 26 маусымдағы қаулысымен Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2017 жылғы 24 қарашадағы қаулысы мен үкімі өзгеріссіз, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығы қанағаттандырусыз қалдырылған.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығында сотталған А.-ның кінәсінің дәлелденуі мен қылмыстық әрекетінің саралануын дауламай, жазаның дұрыс тағайындалмауына байланысты бірінші сатыдағы сот үкімін, Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2017 жылғы 24 қарашадағы қаулысы мен үкімін, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2018 жылғы 26 маусымдағы қаулысын өзгертуді сұраған.

Сотталған А.-ның сот үкімінде жазылған мән-жайларда қылмыс жасағаны сот отырысында объективті түрде зерттелген әрі тиісті баға берілген дәлелдемелерге негізделген және істің нақты мән-жайларына сәйкес келеді.

Сот А.-ның қылмыстық әрекетін ҚК-нің 345-бабының 3-бөлігімен, 347-бабымен дұрыс саралаған.

Апелляциялық сот алқасы сотталған А.-ға жаза тағайындау кезінде қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманың талаптарын өрескел бұзған.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 340-бабының 1-бөлігіне сәйкес басты сот талқылауы тек сотталушыға қатысты және оның сотқа берілген айыптау шектерінде ғана жүргізіледі.

Сонымен қатар «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысының 4-тармағына сәйкес сот талқылауының шегі айыптау актісін жасау кезінде тұжырымдалып, тағылған айыппен шектеледі. Жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар айыптың мазмұнына енгізіледі. Сондықтан сот айыптау актісінде көрсетілмеген жауаптылықты ауырлататын мән-жайлардың бар болуын үкімде белгілеп көрсетсе, ол ҚПК-нің 340-бабының талаптарына сәйкес сотталушының жағдайын ауырлатады және сот талқылауының шегін бұзу болып табылады.

Қылмыстық іс бойынша айыптау актісінде А.-ның жауаптылығы мен жазасын ауырлататын мән-жайлар көрсетілмеген.

Алайда апелляциялық сатыдағы сот сотталған А.-ның әрекетінде қылмыстық жауаптылығы мен жазасын ауырлататын мән-жайлар айыптау актісінде көрсетілмесе де, оның жағдайын ауырлатып, ҚК-нің 54-бабына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуын қылмыстық жауаптылығы мен жазасын ауырлататын мән-жайлар ретінде негізсіз таныған.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы сотталған А.-ға қатысты Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының үкімі мен Жоғарғы Соттың қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2018 жылғы 26 маусымдағы қаулысын өзгертіп, оның қылмыстық жауаптылығы мен жазасын ауырлататын мән-жай ретінде танылған қылмыстық құқық бұзушылықты бірнеше рет жасауын апелляциялық сот алқасының үкімінен алып тастап, сотталған А.-ға ҚК-нің 345-бабының 3-бөлігімен ҚК-нің 55-бабы 2-бөлігінің 1) тармағын қолданып, 5 жыл мерзімге көлік құралын жүргізу құқығынан айыра отырып, 2 жыл 6 айға, ҚК-нің 347-бабымен ҚК-нің 55-бабы 2-бөлігінің 1-тармағын қолданып, 3 жыл мерзімге көлік құралын жүргізу құқығынан айыра отырып, бір жылға, ҚК-нің 58-бабының 2-бөлігіне сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңiру жолымен түпкілікті 5 жыл мерзімге көлік құралын жүргізу құқығынан айыра отырып, 2 жыл 6 айға бас бостандығынан айыру жазасын тағайындап, сот актілерінің қалған бөлігін өзгеріссіз қалдырды.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығы ішінара қанағаттандырылды.



**Жаза тағайындау**

**ҚК-нің 55-бабы 3-бөлігінің талаптарына сай  
процестік келісімнің шарттары орындалған жағдайда  
негізгі жазаның мерзімін немесе мөлшерін осы Кодекстің  
Ерекше бөлімнің тиісті бабында көзделген жазаның ең жоғары  
мерзімнің немесе мөлшердің жартысынан асыруға болмайды**

2018 жылғы 20 қараша

№ 2уп-493-18

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының № 2 сотының 2018 жылғы 24 қаңтардағы үкімімен:

С. бұрын сотталмаған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 191-бабы 2-бөлігінің 1), 3) тармақтарымен оның меншігіндегі қылмыстық жолмен табылған не қылмыстық жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлкі тәркіленіп, 4 жылға бас бостандығын шектеу жазасына сотталып, осы мерзімге пробациялық бақылау тағайындалған.

Сот үкімімен С. тонау, яғни бөтеннің мүлкін ашық жымқыру мақсатында адамдар тобымен алдын ала сөз байласып, жәбірленуші О.-ның өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолданып, құны 30 000 теңге тұратын «Самсунг J1» маркалы ұялы телефонын, 20 000 теңге ақшасын ашық жымқырғаны үшін кінәлі деп танылған.

С.-ға қатысты қылмыстық іс бойынша кінәні мойындау туралы мәміле түріндегі процестік келісім Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 615-616-баптарының талаптарына сай жүргізіліп, сотта келісімдік іс жүргізу тәртібімен қаралған.

Қылмыстық іс апелляциялық тәртіппен қаралмаған.

Бас Прокурор наразылығында сотталған С.-ға қатысты кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісім жасалып, оның шарттары толық орындалғанымен, оған мүлікті тәркілеу түріндегі қосымша жазаның дұрыс тағайындалмағандығын және ҚК-нің 55-бабы 3-бөлігінің талаптары сақталмағандығын көрсетіп, сот үкімін өзгертіп, С.-ға ҚК-нің 55-бабының 3-бөлігін қолданып, ҚК-нің 191-бабы 2-бөлігінің 1), 3) тармақтарымен 3 жыл 6 айға бас бостандығын шектеу жазасын тағайындап, осы мерзімге пробациялық бақылау белгілеуді және меншігіндегі қылмыстық жолмен табылған не қылмыстық жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлікті тәркілеу түріндегі қосымша жазаның күшін жоюды сұраған.

Сот С.-ның қылмыстық құқық бұзушылық әрекетін ҚК-нің 191-бабы 2-бөлігінің 1), 3) тармақтарымен дұрыс саралаған және наразылықта бұл жөнінде дауланбаған.

Іс бойынша анықталғандай, қылмыстық іс прокурор мен сотталушының арасында кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісім жасалған.

Прокурордың бірінші сатыдағы соттың ҚК-нің 55-бабы 3-бөлігінің талаптарын ескермей, сотталған С.-ға жазаны дұрыс тағайындамаған деген уәжі негізді және заңды болып табылады.

Осы нормаға сәйкес процестік келісімнің барлық шарттары орындалған істер бойынша жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жазаның негізгі түрінің мерзімін немесе мөлшерін осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында көзделген ең жоғары мерзімнің немесе мөлшерінің жартысынан асыруға болмайды.

ҚК-нің 191-бабы 2-бөлігінің санкциясында 3 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығын шектеу, не осы мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы көзделген. Бұл жазалардың ең жоғарғы шегі 7 жыл болғандықтан, ҚК-нің 55-бабының 3-бөлігі бойынша оның жартысы 3 жыл 6 айды құрайды.

Сот алқасы процестік келісімнің шарты бойынша сотталғанға ҚК-нің 55-бабының 3-бөлігін қолдану арқылы ҚК-нің 191-бабы 2-бөлігінің 1), 3) тармақтарымен 3 жыл 6 айға бас бостандығын шектеу жазасын тағайындауға және осы мерзімге пробациялық бақылау белгіленуге жатады деп есептейді.

ҚК-нің 48-бабының 1-бөлігіне сәйкес мүлікті тәркілеу дегеніміз - сотталған адамның меншігіндегі, заңсыз жолмен табылған не заңсыз жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлікті, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болып табылатын мүлікті мәжбүрлеп өтеусіз алып қою және мемлекеттің меншігіне айналдыру.

Сонымен қатар ҚПК-нің 113-бабының 3-бөлігінде қылмыстық іс бойынша басқа да мән-жайлармен қатар ҚК-нің 48-бабына сәйкес тәркіленуге жататын мүліктің заңсыз алынғанын растайтын мән-жайлар дәлелденуге жатады деп көрсетілген.

Сондықтан мұндай жағдай анықталмаса, сотталушыға мүлікті тәркілеу жазасы қолданылмайды.

Бұл қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында С.-ның меншігінде қандай да бір қылмыстық жолмен табылған не осындай жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүліктер анықталмаған.

Бұдан басқа, сот орындаушысының 2018 жылғы 27 наурыздағы қаулысына сәйкес сотталған С.-ның меншігінде қандай да бір қылмыстық жолмен табылған не осындай жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүліктер болмағанына байланысты атқарушылық іс жүргізу тоқтатылған.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV Заңының 47-бабына сәйкес мүлікті тәркілеу туралы атқарушылық құжаттың

орындалуы барысында борышкерде мүлкі болмаса атқарушылық іс жүргізу тоқтатылады.

С.-ның мүлкін тәркілеу түріндегі қосымша жаза негізсіз тағайындалған, алайда ол ешқандай құқықтық салдарға әкеп соқпағандықтан прокурордың оның мүлкін тәркілеуді жоюды сұраған өтініші қанағаттандырылуға жатпайды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы сотталған С.-ға қатысты бірінші сатыдағы сот үкімін өзгертіп, С.-ға ҚК-нің 191-бабы 2-бөлігінің 1), 3) тармақтарымен ҚК-нің 55-бабының 3-бөлігін қолданып, оған тағайындалған 4 жыл бас бостандығын шектеу жазасын 3 жыл 6 айға дейін төмендетіп, осы мерзімге пробациялық бақылау тағайындады.

Үкімнің қалған бөлігі өзгеріссіз қалдырылып, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығы ішінара қанағаттандырылды.

---

## **Қосымша жаза тағайындау**

### **Сотталғанға көлік құралын басқару құқығынан айыру міндетті қосымша жазасын тағайындамағандығын сот үкімде заң тұрғысынан негіздемеген**

*2018 жылғы 11 желтоқсан*

*№ 2уп-521-18*

Ақмола облысы Целиноград аудандық сотының 2018 жылғы 20 наурыздағы үкімімен:

Д. бұрын сотталмаған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК-нің) 346-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 200 (екі жүз) сағаттық қоғамдық жұмыстарға тарту жазасына сотталған.

Сот үкімімен Д. 2018 жылғы 09 ақпанда сағат 02:00 шамасында, бұған дейін 2015 жылғы 23 маусымдағы сот қаулысымен, үш жылға көлік құралын басқару құқығынан айырылған адам бола тұра, Целиноград ауданы, Қосшы ауылында алкогольдік масаң күйінде мемлекеттік нөмірі 439УХА/01 «Фольксваген Гольф» маркалы автокөлігін басқарғаны үшін кінәлі деп танылған.

Үкім апелляциялық тәртіппен қаралмаған.

Ақмола облысының Целиноград аудандық сотының 2018 жылғы 20 наурыздағы қаулысымен Д. ҚК-нің 346-бабының 1-бөлігімен үш жылға

көлік құралын басқару құқығынан айыру қосымша жазасы тағайындалып, 200 (екі жүз) сағаттық қоғамдық жұмысқа тартылған.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығында аталған қылмыстық құқық бұзушылық бойынша Д.-ның кінәсінің дәлелденуі мен оның әрекетінің саралануын, сонымен қатар тағайындалған негізгі жазаны дауламай, бірінші сатыдағы соттың оған ҚК-нің 346-бабының 1-бөлігінде көзделген міндетті түрде тағайындалатын көлік құралын басқару құқығынан айыру қосымша жазасын негізсіз тағайындамағандығын көрсетіп, сот үкімін өзгертіп, оған көлік құралын басқару құқығынан үш жылға айыру қосымша жазасын тағайындауды, сонымен қатар Ақмола облысы Целиноград аудандық сотының 2018 жылғы 20 наурыздағы қаулысының күшін жоюды сұраған.

Д.-ның үкімде сипатталған қылмыстық теріс қылықты жасағандығы басты сот талқылауында жан-жақты зерттелген және объективті бағаланған дәлелдемелермен бекітілген.

Сот Д.-ның іс-әрекетіне негізді құқықтық баға беріп, оны ҚК-нің 346-бабының 1-бөлігімен дұрыс саралаған.

Наразылықта оның қылмыстық құқық бұзушылық бойынша кінәсінің дәлелденуі мен әрекетінің саралануы дауланбаған.

Бұл орайда, соттың Д.-ны қылмыстық заңда көзделген міндетті түрде тағайындалуға жататын қосымша жазадан заңсыз босатқандығы жөнінде наразылықтың уәжі негізді болып табылады.

ҚК-нің 50-бабы 1-бөлігінің талаптарына сай белгілі лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру мемлекеттік қызметте, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында белгілі бір лауазымдарды атқаруға не белгілі бір кәсіптік немесе өзге де қызметпен айналысуға, оның ішінде көлік құралдарын басқаруға тыйым салудан тұрады.

Д. кінәлі деп танылған ҚК-нің 346-бабы 1-бөлігінің санкциясында белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыру түріндегі міндетті қосымша жазасы көзделген.

Алайда, сот қылмыстық заңды дұрыс қолданбай, сотталған Д.-ға көлік құралын басқару құқығынан айыру түріндегі бұл міндетті қосымша жазаны тағайындамаған және мұны үкімде заң тұрғысынан негіздемеген.

Сондықтан да Д.-ға қатысты сот үкімі өзгертіліп, оған ҚК-нің 346-бабының 1-бөлігінде көзделген көлік құралын басқару құқығынан үш жылға айыру міндетті қосымша жазасын тағайындау қажет.

Сонымен қатар, ҚПК-нің 395-бабының 6-бөлігінің талаптарына сәйкес үкімге ол жария етілгеннен кейін қандай да бір өзгерістер енгізуге жол берілмейтіндігін назарға алмай, сот өзінің 2018 жылғы 20 наурыздағы қаулысымен, ҚПК-нің 476-бабын басшылыққа алып, үкімде жіберілген қатені түзету қажеттілігі туралы қате тұжырым жасап, іс жүзінде

үкімнің жаза тағайындау бөлігіне өзгеріс енгізіп, сотталған Д.-ға ҚК-нің 346-бабының 1-бөлігінде көзделген көлік құралын басқару құқығынан үш жылға айыру міндетті қосымша жазасын тағайындаған.

Бірінші сатыдағы соттың бұл қаулысы заңсыз болып табылады, өйткені сот үкіміне мұндай өзгертулер енгізу ҚПК-нің 476-478-баптарында мүлдем көзделмеген, ал бұл баптар, тек қана заңды күшіне енген сот үкімдерін орындауға қатысты мәселелерді шешуді реттейді. Сондықтан аталған қаулының күші жойылуға жатады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы сотталған Д.-ға қатысты бірінші сатыдағы сот үкімін өзгертіп, оған көлік құралын басқару құқығынан 3 жылға айыру қосымша жазасын тағайындады.

Үкімнің қалған бөлігі өзгеріссіз қалдырып, бірінші сатыдағы соттың 2018 жылғы 20 наурыздағы қаулысының күшін жойып, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығын қанағаттандырды.

---

## **Қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы**

### **Сот тұжырымының істің нақты мән-жайына сәйкес келмеуінен және заңның дұрыс қолданылмауынан кінәсізді соттауға әкеп соғуы үкімнің күшінің жойылуына негіз болды**

*2018 жылғы 11 желтоқсан*

*№ 2уп-514-18*

Атырау облысы Исатай аудандық сотының 2017 жылғы 13 қазандағы үкімімен:

Т. бұрын, 2016 жылғы 03 қарашада, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 393-бабымен Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге 5 жыл мерзімге шығарып жіберіле отырып, 50 айлық есептік көрсеткіш - 106 050 теңге мөлшерінде айыппұл салынып жазаланған,

- ҚК-нің 430-бабының 1-бөлігімен 6 айға бас бостандығынан айыруға, жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша төмен мекемесінде өтеуге сотталған.

Сот үкімімен Т. Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу туралы заңды күшіне енген сот үкімін алты айдан астам орындамағаны үшін кінәлі деп танылған.

Қылмыстық іс апелляциялық тәртіппен қаралмаған.

Бас Прокурордың наразылығында Т.-ны ҚК-нің 430-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп таныған сот үкімінің күшін жойып, оның іс-әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты істі тоқтатуды сұраған.

Сот үкіміндегі түйіндердің істің мән-жайларына сәйкес келмеуіне және кінәсізді соттауға әкеп соққан заңның дұрыс қолданылмауына байланысты Т.-ға қатысты үкімнің күші жойылып, оған қатысты қылмыстық іс қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты тоқтатылуы тиіс.

Атап айтқанда, ҚК-нің 51-бабының 2-бөлігіне сәйкес шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге шығарып жіберу - жазаның қосымша түрі ретінде тағайындалуы мүмкін және жазаның негізгі түрі өтелгеннен кейін орындалады.

Қылмыстық іс материалдарынан анықталғандай, Исатай аудандық сотының 2016 жылғы 3 қарашадағы үкімімен Т. ҚК-нің 393-бабымен Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге 5 жыл мерзімге шығарып жіберіле отырып, 50 айлық есептік көрсеткіш - 106 050 теңге мөлшерінде айыппұл салынып жазаланған.

Алайда, бүгінгі күнге дейін Т. өзіне салынған айыппұлды өтемеген, яғни аталған жаза орындалмаған.

Істің мұндай тұрғысында, Т. айыппұл түріндегі негізгі жазаны орындамай, Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу түріндегі қосымша жазаны орындаудан жалтаруы оны ҚК-нің 430-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтырмайды.

Демек, Т.-ның Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу туралы сот үкімін орындамағаны үшін ҚК-нің 430-бабымен қылмыстық жауапкершілікке тартылуы заңсыз болып табылады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы сотталған Т.-ға қатысты бірінші сатыдағы сот үкімінің күшін жойып, оның іс-әрекетінде ҚК-нің 430-бабының 1-бөлігімен көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты қылмыстық іс тоқтатылды.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығы қанағаттандырылды.

## Қылмыстардың қайталануын тану

### Сотталғанның әрекетінде ҚК-нің 14-бабының 1-бөлігі негізінде қылмыстардың қайталануын танымағандықтан, сонымен қатар жаза өтеу мекемесін дұрыс анықтамағандықтан сот үкімі өзгертілді

2018 жылғы 11 желтоқсан

№ 2уп-507-18

Ақмола облысы Қорғалжын аудандық сотының 2018 жылғы 2 сәуірдегі үкімімен:

Т. бұрын, 2016 жылғы 8 маусымда, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 293-бабы 3-бөлігінің 2) тармағымен, 380-бабының 1-бөлігімен, 63-бабының негізінде 3 жылға бас бостандығынан айыруға шартты түрде сотталған,

- ҚК-нің 191-бабы 2-бөлігінің 1), 3) тармақтарымен 3 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

ҚК-нің 64-бабының 5-бөлігіне сәйкес 2016 жылғы 8 маусымдағы үкіммен шартты түрде соттаудың күші жойылған.

ҚК-нің 60-бабына сәйкес түпкілікті 4 жылға бас бостандығынан айыруға, жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде өтеуге сотталған.

Сот үкімімен Т. жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолданып, не осындай күш қолдану қатерін төндіріп, адамдар тобымен алдын ала сөз байласып, бөтеннің мүлкін ашық жымқырғаны үшін кінәлі деп танылған.

Ақмола облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2018 жылғы 30 мамырдағы қаулысымен сот үкімі өзгеріссіз қалдырылған.

Бас Прокурор наразылығында сотталған Т.-ның кінәсінің дәлелденуі мен қылмыстық әрекетінің саралануын дауламай, соттың сотталғанның бұрын сотталғандығын ескермегенін, әрекетінде қылмыстың қайталануы танылмағанын, осыған байланысты қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесінің түрі дұрыс белгіленбегенін көрсетіп, сот актілерін өзгертіп, сотталғанның әрекетінде қылмыстың қайталануын танып, оған жаза өтеу үшін қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша жоғары мекемесін тағайындауды сұраған.

Сотталған Т.-ға қатысты үкімде көрсетілген мән-жайлар басты сот талқылауында жан-жақты зерттелген және объективті бағаланған дәлелдемелермен бекітілген.

Сотталған Т.-ның кінәсі оның өз айыбын ішінара мойындаған жауаптарымен, жәбірленушілер М.-ның, А.-ның басты сот талқылауында

берген жауаптарымен және қылмыстық іс материалдарымен толық дәлелденген.

Жәбірленушілер М. мен А. басты сот талқылауында берген жауаптарында, оқиға болған түні сотталған Т. мен белгісіз тұлға екеуі өздерін тоқтатып, ұрып-соғып, ұялы телефондарын тартып алғанын көрсеткен.

Сот-медициналық сараптама қорытындысына сәйкес, А.-ның денсаулығына жеңіл дәрежеде зиян келтірілген.

Сот Т.-ның қылмыстық әрекетін ҚК-нің 191-бабы 2-бөлігінің 1), 3) тармақтарымен дұрыс саралаған.

Іс материалдарымен анықталғандай, Т. бұрын 2016 жылғы 8 маусымдағы үкіммен ауыр қылмыс жасағаны үшін 3 жылға бас бостандығынан айыруға шартты түрде сотталған.

ҚК-нің 14-бабы 1-бөлігіне сәйкес, қылмыстардың қайталануы деп адамның бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған болса, осы адамның ауыр қылмыс жасауы қылмыстардың қайталануы деп танылады.

«Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысының 12-тармағына сәйкес, бас бостандығынан айыру шартты түрде тағайындалған (ҚК-нің 63-бабы қолданыла отырып) не үкімді орындауды кейінге қалдыру қолданылған кезде (ҚК-нің 74 және 76-баптары) және осы адам пробациялық бақылау кезеңі ішінде немесе үкімді орындауды кейінге қалдырған кезең ішінде жаңа қылмыс жасағанда не шартты түрде соттаудың немесе үкімді орындауды кейінге қалдырудың күші жойылып осы адам сот үкімі бойынша тағайындалған бас бостандығынан айыру жазасын өтеу үшін тиісті мекемеге жіберілген жағдайда қылмыстың қайталануын тану кезінде адамның ауыр және аса ауыр қылмыстарды жасағаны үшін алынбаған және жойылмаған бұрынғы соттылығы ескерілуге тиіс.

Сонымен қатар, ҚК-нің 46-бабы 5-бөлігінің 3) тармағына сәйкес, қылмыстардың қайталануы кезінде сотталған еркектерге қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелерінде өтеу тағайындалады.

Бірінші сатыдағы сот Т.-ның әрекеттерінде ҚК-нің 14-бабының 1-бөлігі негізінде қылмыстардың қайталануын танымаған, сондай-ақ жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде өтеуді дұрыс анықтамаған.

Осыған орай, сотталған Т.-ның әрекетінде ҚК-нің 14-бабы 1-бөлігі негізінде қылмыстардың қайталануын танып, жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша жоғары мекемесінде өтеуді тағайындау қажет.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы сотталған М.-ға қатысты жергілікті соттардың сот актілерін өзгертіп, ҚК-нің 14-бабының 1-бөлігіне сәйкес сотталған Т.-ның әрекетінде қылмыстардың қайталануын танып, ҚК-нің 54-бабы 1-бөлігінің 1) тармағының негізінде оны сотталғанның қылмыстық жауаптылығы мен жазасын ауырататын мән-жай ретінде таныды.

ҚК-нің 46-бабы 5-бөлігінің 3) тармағына сай Т.-ның жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша жоғары мекемесінде өтеу тағайындалып, сот актілерінің қалған бөлігі өзгеріссіз қалдырылды.

Бас Прокурордың наразылығы қанағаттандырылды.

---

### **Қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы**

#### **ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 2) тармағына сәйкес, сотталушының іс-әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты қылмыстық іс тоқтатылды**

*2018 жылғы 19 желтоқсан*

*№ 2уп-533-18*

Маңғыстау облысы Ақтау қалалық сотының 2018 жылғы 13 тамыздағы үкімімен:

О. бұрын сотталмаған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК-нің) 28-бабының 4-бөлігі, 367-бабы 1-бөлігімен өмір бойына мемлекеттік қызметпен айналысу құқығынан айырыла отырып, жаза ретінде параның 10 еселенген сомасы – 600 000 теңге айыппұл салынған.

ҚК-нің 24-бабының 3-бөлігі, 190-бабы 1-бөлігімен, осы Кодекстің 68-бабының 1-бөлігі негізінде, жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылған.

Сот үкімімен О. мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға не оған теңестірілген адамға немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға не лауазымды адамға, жеке өзіне немесе делдал арқылы пара беруге басқа адамды азғырғаны үшін кінәлі деп танылған.

Іс апелляциялық тәртіппен қаралмаған.

Бас Прокурор наразылығында сотталған О.-ға қатысты сот үкімінің ҚК-нің 24-бабының 3-бөлігі, 190-бабы 1-бөлігімен кінәлі деп танылған бөлігінің күшін жойып, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік

кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 35-бабы 1-бөлігінің 2) тармағы негізінде, оның іс-әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты іс жүргізуді тоқтатуды сұраған.

Іс материалдарынан анықталғандай, 2018 жылғы сәуірде О. Маңғыстау облысы бойынша ПД-нің көші-қон полиция басқармасының қызметкері арқылы «Коба» есімді шет ел азаматының құжаттарын реттеп, көші-қон карточкасына мөр баспай, яғни әкімшілік жолмен Қазақстан Республикасының шегінен шығару шарасын қолданбай, айыппұл ретінде шара алуына ықпал ете алатынын К.-ға айтып, оның сеніміне кіріп, алдап, ол әрекеттері үшін 60 000 теңге, оның ішінде өзінің ықпал еткеніне 5 000 теңге, ал көші-қон полиция басқармасының қызметкеріне 55 000 теңге пара беруге оны айдап салушылық жолмен азғырып, көндірген.

Содан кейін, К. О.-ның алдағанына сеніп, 2018 жылғы 26 сәуірде оған 60 000 теңгені табыс етіп жатқан мезетте Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының қызметкерлерімен ұсталған.

О.-ның жәбірленуші К.-ны көші-қон полиция басқармасының қызметкеріне пара беруге айдап салушылық жолмен азғырып, көндірудегі кінәсі басты сот талқылауында жан-жақты зерттеліп, объективті бағаланған бұлтартпас дәлелдемелермен толығымен дәлелденген.

ҚПК-нің 125-бабының талаптарына сәйкес, сот дәлелдемелердің әрқайсысына – олардың қатыстылығы, жол берілетіндігі, анықтығы, ал барлық жинақталған дәлелдемелерге өз жиынтығында қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан негізді баға беріп, сотталған О.-ның қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттерін ҚК-нің 28-бабының 4-бөлігі, 367-бабы 1-бөлігімен дұрыс саралаған.

Жаза ҚК-нің 52-бабының талаптарына сай, оның жасаған қылмысының сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін, жеке басы, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар ескеріле отырып, заң шеңберінде дұрыс тағайындалған.

Наразылықта бұл қылмыстық құқық бұзушылық бойынша оның кінәсінің дәлелденуі мен әрекетінің саралануы, сол сияқты бұған қатысты үкімнің жаза тағайындау бөлігі дауланбаған.

Алайда, сот үкімінің О. ҚК-нің 24-бабының 3-бөлігі, 190-бабы 1-бөлігімен кінәлі деп танып, оны жәбірленушімен татуласуына байланысты, осы Кодекстің 68-бабының 1-бөлігі негізінде, қылмыстық жауаптылықтан босату туралы бөлігінің күші төмендегі мән-жайлар негізінде жойылуға жатады.

ҚК-нің 24-бабының 4-бөлігіне сәйкес қылмыстық жауаптылық тек қана ауырлығы орташа, ауыр немесе аса ауыр қылмысқа, сондай-ақ террористік қылмысқа оқталғаны үшін ғана туындайды.

Сот үкімімен О.-ны кінәлі деп таныған, ҚК-нің 190-бабының 1-бөлігінде көзделген құқық бұзушылық, осы Кодекстің 11-бабына сәйкес

онша ауыр емес қылмыстар санатына жатады, ал бұл санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға оқталу, қылмыстық жауаптылықты туындатпайды.

Істің мұндай тұрғысында, қылмыстық іс ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 2) тармағына сәйкес О.-ның іс-әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты тоқтатылуға жатады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы сотталған О.-ға қатысты бірінші сатыдағы сот үкімін өзгертіп, үкімнің О.-ны ҚК-нің 24-бабының 3-бөлігі, 190-бабы 1-бөлігімен К.-мен татуласуына байланысты оны қылмыстық жауаптылықтан босату туралы бөлігінің күшін жойды.

О.-ның әрекетінде ҚК-нің 24-бабының 3-бөлігінде, 190-бабы 1-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы болмауына байланысты қылмыстық іс ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 2) тармағы негізінде тоқтатылды.

Үкімнің қалған бөлігі өзгеріссіз қалдырылып, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығы қанағаттандырылды.

---

### **Қылмыстық құқық бұзушылық әрекетті саралау**

**Сотталушының іс-әрекеті дұрыс сараланбағандықтан,  
сол сияқты қылмыстық жауаптылық пен жазаны  
ауырлататын мән-жайлардың жоқтығы ескерілмегендіктен,  
жергілікті соттардың сот актілері өзгертілді**

*2018 жылғы 19 желтоқсан*

*№ 2уп-532-18*

